



## Риддер қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 14 ақпандағы № 148 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 ақпанда № 5500 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № 172 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 26.08.2024 № 172 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 140-бабының сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Риддер қаласы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Риддер қаласы әкімінің орынбасары Б. Құрманбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Риддер қаласының әкімі*

*Ж. Мұратов*

Риддер қаласы әкімдігінің  
2018 жылғы "14" ақпан  
№ 148 қаулысына қосымша

## Риддер қаласының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі

|                                                           |                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|
| таза кіріс 3 000 000 теңгеге дейін                        | таза кіріс сомасынан 5 пайыз                                                         |
| таза кіріс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін    | 150 000 теңге + 3 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 10 пайыз      |
| таза кіріс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін  | 4 850 000 теңге + 50 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 15 пайыз   |
| таза кіріс 250 000 001 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін | 34 850 000 теңге + 250 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 25 пайыз |

|                                                             |                                                                                         |
|-------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|
| таза кіріс 500 000 001 теңгеден 1 000 000 000 теңгеге дейін | 97 350 000 тенге + 500 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 30 пайыз    |
| таза кіріс 1 000 000 001 теңге және одан жоғары             | 247 350 000 тенге + 1 000 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 50 пайыз |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК